

Пайдалану бойынша нұсқаулық

Газ пісіру беті
GH-60SL01

DEXP

ҚҰРЫЛҒЫ МАҚСАТЫ	3
САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	3
Газ ағып кеткен жағдайда	6
ҚҰРЫЛҒЫ СХЕМАСЫ	7
Оттық	7
ОРНАТУ	8
Желдетумен қамтамасыз ету	8
Орналасуы	9
Кірістіру	10
Газға қосу	11
Оттықтар сипаттамалары	12
Электр желісіне қосу	12
ГАЗ ТҮРІН АУЫСТЫРУ	12
Минималды отты баптау	12
ПАЙДАЛАНУ	13
Басқару	13
Құрылғымен жұмыс істеу	13
Дұрыс ыдыс-аяқ таңдау	14
КҮТІМ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	16
ЫҚТИМАЛ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШЕШІМІ	17
ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАР	18
ЖИНАҚТАЛЫМ	18
МОНТАЖДАУ, САҚТАУ, ТАСЫМАЛДАУ (ТАСУ), ӨТКІЗУ ЖӘНЕ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ	19
ҚОСЫМША АҚПАРАТ	20

Құрметті сатып алушы!

Біздің өнімдерді таңдағаныңыз үшін рахмет.

Біз сізге жоғары сапа, функционалдылық және дизайн талаптарына сәйкес әзірленген және жасалған бұйымдар мен құрылғыларды ұсынуға қуаныштымыз. Пайдалануды бастамас бұрын, сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпаратты, сондай-ақ өнімді дұрыс пайдалану және күту бойынша ұсыныстарды қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықтың сақталуына назар аударыңыз және оны өнімді одан әрі пайдалану кезінде анықтамалық материал ретінде пайдаланыңыз.

ҚҰРЫЛҒЫ МАҚСАТЫ

Тағам пісіруге, сондай-ақ дайын тағамдар мен азық-түліктерді қыздыруға арналған ас пісіру беті.

САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

- Құрылғыны пайдаланбас бұрын осы пайдалану бойынша нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз және болашақта пайдалану үшін сақтап қойыңыз.
- Құрылғы коммерциялық мақсатта пайдалануға арналмаған.
- Құрылғы балалар мен физикалық, сенсорлық немесе ақыл-ой қабілеті шектеулі адамдар үшін, олардың қауіпсіздігіне жауапты басқа адамдар бақылайтын жағдайларды қоспағанда, пайдалануға арналмаған. Балаларға құрылғымен ойнауға рұқсат бермеңіз.
- Барлық қаптама материалдарын (пластик пакеттер, көбік төсемдер және т.б.) балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Қаптама материалдары балалар үшін қауіпті болуы мүмкін.
- Құрылғыны осы пайдалану бойынша нұсқаулықта сипатталған ережелерге сәйкес пайдаланыңыз, әйтпесе жарылыс, өрт, көміртегі тотығымен улану, зиянды термиялық әсер ету, сондай-ақ электр тогының соғу қаупі бар.
- Құрылғы газға немесе электр желісіне қосар алдында өшірілуі тиіс.
- Құрылғыны орнату, сонымен қатар электр желісі мен газға қосу бойынша барлық жұмыстар жергілікті газ және электрмен жабдықтау компанияларының нұсқауларына сәйкес сертификатталған маманмен жүргізілуі тиіс. Дұрыс орнатпау, қоспау және/немесе жерге қосу пайдаланушының өмірі мен денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін.
- Қосу алдында шарттардың (газ түрі және газ қысымы) құрылғының баптауына сәйкес келетінін тексеріңіз. Құрылғының баптау параметрлері техникалық сипаттамаларда келтірілген.
- Газ берудің жалпы шүмегі қолжетімді, көрінетін жерде орналасуы керек. Құрылғы қолданылмаған уақыттарда шүмек жабық болуы тиіс.
- Сұйытылған газ баллондарын әрқашан тік күйде сақтаңыз. Әйтпесе, сұйытылған газ плитаға өтіп, жанып кетуіне және оның бүлінуіне әкелуі мүмкін.

- Өрт қаупін болдырмау үшін құрылғыны жанғыш сұйықтықтарға, материалдарға және заттарға (мысалы, перделерге) жақын жерге қоймаңыз.
- Бұл құрылғыны су көздеріне жақын жерде қолданбаңыз. Құрылғыны су ағынының астына қоймаңыз және оны суға батырмаңыз.
- Құрылғыны үй-жайдан тыс жерде пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны жоғары ылғалдылығы бар бөлмелерде қолданбаңыз.
- Зақымдалған жерлерін байқасаңыз, құрылғыны пайдаланбаңыз. Электр желісінен ажыратыңыз, газын жабыңыз және дереу авторизацияланған сервис орталығына хабарласыңыз.
- Қуат сымы зақымдалған жағдайда құрылғыны пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны сымынан тартпаңыз немесе жылжитпаңыз. Есіктерге қысылып қалмағанына және өткір жиектер мен бұрыштарға тимейтініне көз жеткізіңіз. Қуат сымын ыстық беттерден аулақ ұстаңыз.
- Құрылғыны пайдаланбаған кезде, сондай-ақ тазалау алдында, ақау табылған жағдайда және найзағай кезінде электр желісінен ажыратыңыз.
- Құрылғыны және қуат сымын дымқыл қолмен ұстамаңыз.
- Құрылғының кейбір бөліктері жұмыс кезінде қатты қызады. Ыстық беттерді ұстамаңыз. Құрылғымен жұмыс істеген кезде киіміңіздің, шашыңыздың немесе ашық дене бөліктеріңіздің ыстық пісіру бетіне тиіп кетпеуін қадағалаңыз.
- Қыздырылып тұрған майды қараусыз қалдырмаңыз. Өрт шыққан жағдайда отты сумен сөндірмеңіз! Оттықты, электр қуатын және газ беруді өшіріңіз, содан кейін жалынды ауа өткізбейтін тығыз көрпемен, қақпақпен немесе осыған ұқсас заттармен сөндіріңіз.
- Құрылғыны пайдалану бөлмедегі температура мен ылғалдылықтың жоғарылауына әкеледі. Құрылғыны пайдалану кезінде бөлменің жеткілікті желдетілуіне ерекше назар аударыңыз: табиғи желдету көздерін жаппаңыз немесе арнайы желдету құрылғыларын (мысалы, плита үстіндегі сорғышты) қолданыңыз. Құрылғыны қарқынды және ұзақ уақыт пайдаланған кезде қосымша желдету қажет болуы мүмкін, бұл жағдайда терезені ашу керек немесе арнайы желдету құрылғысын жоғары қуатқа қосу қажет.
- Өндіруші мәлімдемеген қорғаныс құрылғыларын қолдану жазатайым оқиғаға әкелуі мүмкін. Тек өндіруші көздеген, не өндіруші олардың тиісті мақсатқа сай келетінін ұсынған, сондай-ақ құрылымына кіріктірілген қорғаныс құрылғыларын қолдануға рұқсат етіледі.
- Жұмыс істеп тұрған кезде плитаның үстінде ауа ағыны жоқ екеніне көз жеткізіңіз. Ауа ағыны оттықтағы жалынды сөндіре алады.
- Ыдыстарды оттықтың қақпағына емес, тор үстіне қойыңыз.
- Ыстық оттық қақпақтары мен торды суық суға батырмаңыз. Температураның күрт өзгеруі эмальға зиян келтіруі мүмкін.
- Ыдыс қойылмаған газ оттығын жағуға тыйым салынады, себебі құрылғы мен оның үстіндегі сорғыш зақымдалуы немесе тұтануы мүмкін.

- Қызмет көрсетуді бастамас бұрын міндетті түрде құрылғыны электр желісінен ажыратып, газды жабыңыз. Құрылғының барлық оттықтары өшірілгеннен кейін ғана қуат сымын розеткадан шығаруға болады.
- Қосылыстардың герметикалығын тексеруге және газдың ағуын сіріңке мен басқа да ашық жалынмен іздеуге тыйым салынады.
- Егер үй-жай ішінде газ иісі сезілсе немесе газ желісінде ақаулар туындаса, келесі әрекеттерді жасау қажет:
 - Газ беруді тоқтату немесе газ баллонын жабу.
 - Ашық отты сөндіру.
 - Шырпы жақпау, темекі шекпеу.
 - Жарықты және электр құрылғыларын қосуға/өшіруге болмайды.
 - Бөлмені жақсылап желдету — терезелерді ашу.
 - Бұл туралы дереу сервиске хабарлау немесе шұғыл газ қызметіне хабарласу қажет.
- Құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз. Тағамның қайнап кетуі және/немесе тасып кетуі түтіннің шығуына және/немесе жануға әкелуі мүмкін.
- Тамақ пісіріп болған соң әрқашан оттықты өшіріңіз.
- Электр тогының соғуына жол бермеу үшін құрылғыны өз бетіңізбен бөлшектемеңіз. Бұл құрылғыда пайдаланушы өзі қызмет көрсете алатын бөлшектер жоқ. Қызмет көрсету және жөндеу жұмыстары тек авторизацияланған сервис орталығының білікті мамандарымен ғана жүргізілуі тиіс.
- Егер құрылғы дұрыс жұмыс істемесе, сымды розеткадан суырып алыңыз немесе сақтандырғыш блогындағы тиісті сақтандырғышты өшіріп, газ беруді тоқтатыңыз. Авторизацияланған сервис орталығына хабарласыңыз.
- Құрылғының бетін тазалау үшін бу тазалағышты қолданбаңыз.
- Тегіс емес түбі бар ыдыстарды қолданбаңыз.
- Бетті тазалау үшін металл щеткаларды және/немесе қатаң тазалағыштарды пайдаланбаңыз.
- Бұл құрылғы сыртқы таймер немесе бөлек қашықтан басқару жүйесі арқылы басқаруға арналмаған.
- Тек металл ыдыстарды қолданыңыз. Пластик ыдыстарды пайдалану өртке себеп болуы мүмкін.

ГАЗ АҒЫП КЕТКЕН ЖАҒДАЙДА




Газ ағып кеткен жағдайда:

- Жарықты жақпаңыз.
- Электр құрылғыларын қоспаңыз/өшірмеңіз және олардың электр ашаларын ұстамаңыз.
- Телефонды пайдаланбаңыз.
- Құрылғыны пайдалануды тоқтатыңыз және газ беруді жабыңыз.
- Бөлмені желдету үшін терезелерді ашыңыз.
- Сервис орталығына хабарласыңыз.

ЕСКЕРТУ


Тұрмыстық газ құрамында меркаптан бар, сондықтан оның концентрациясы 1/1000 құрағанда да газдың аққанын сезуіңіз мүмкін.

 ҚАУІПТІ	Бұл ескертулерді елемей денсаулыққа елеулі зиян келтіруі немесе өлімге әкелуі мүмкін
 НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ	Бұл ескертулерді елемей денсаулыққа немесе мүлікке зиян келтіруі мүмкін



- 1. Орташа отты оттықтар.
- 2. Оттықтар реттегіштері.
- 3. Кіші оттық.
- 4. Үлкен оттық.

ОТТЫҚ



- 1. Қаппақ.
- 2. Жалын бөлуіш.
- 3. Жанарғы негізі.
- 4. Тұтандыру электроды.
- 5. Жылу сезгіш элемент.

ҚАУІПТІ!



- Құрылғы қауіпсіздік талаптарына сәйкес жақсы желдетілетін жерлерге орнатылуы керек.
- Орнату алдында электр және газ желілері құрылғы талаптарына сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


- Құрылғыны орнатуды білікті маман жүзеге асыруы керек.
- Құрылғыны қолданар алдында барлық қаптамасын алыңыз.
- Егер от кездейсоқ сөніп қалса (мысалы, ауа ағынынан), газ беруді тоқтатыңыз және кем дегенде 1 минут бойы жанарғыны қоспаңыз.
- Құрылғыны пайдалану бөлмедегі температура мен ылғалдылықтың жоғарылауына әкеледі. Ас үйдің дұрыс желдетілетініне көз жеткізіңіз: желдету тесіктерін жаппаңыз немесе сорғышты орнатыңыз.
- Құрылғыны ұзақ уақыт пайдалану бөлмені қосымша желдетуді қажет етуі мүмкін.

ЖЕЛДЕТУМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ


Көлемі 20 м³-тен аз болатын тұрғын үй-жайға (мысалы, студияда) пісіру бетін орнатуға болмайды.

- 5 м³-ден аз көлемді үй-жайға орнатқан кезде, тиімді ауданы 110 см² болатын желдету тесігі қажет.
- 5 м³-тен 10 м³-ге дейінгі көлемдегі үй-жайға орнатқан кезде тиімді ауданы 50 см² болатын желдету тесігі қажет.
- Егер үй-жайдың көлемі 11 м³-ден асса, желдету тесігі қажет емес.
- Егер бөлмеде тікелей сыртқа апаратын есік болса, бөлменің көлемі 5 м³-тан 11 м³-қа дейін болса да, желдеткіш тесігі қажет емес.

- Пісіру панелін ас үйге, асханаға немесе жатын бөлмеге орнатуға болады. Дәретханаға, душ бөлмесіне немесе гаражға пісіру панелін орнатуға тыйым салынады.
- Төмендегі сызбада көрсетілген өлшемдерге сәйкес пісіру бетіне арналған ойық жасаңыз.



- Оттықтан бөлінетін жылудан электр тогының соғуы мен деформациялануын болдырмау үшін жұмыс бетінен жылуға төзімді және оқшауланған материалдарды таңдаңыз (жұмыс беті ретінде сіңдірілмеген ағаш пен ұқсас талшықты немесе гигроскопиялық материалдарды пайдалануға тыйым салынады).
- Пісіру беті тірелетін қабырға отқа төзімді болуы керек.
- Ең аз қашықтықтар келесідей болуы керек:
 - 55 мм — жұмыс аймағының артқы жағы мен қабырға арасы.
 - 100 мм — панельдің бүйірлік жиектері мен көрші шкафтар/қабырғалар арасындағы қашықтық.
 - 400 мм — үстелдің үсті мен ілулі тұрған шкафтар арасындағы қашықтық. Егер қашықтық 400 мм-ден аз болса, пісіру бетінің жиектерінен 50 мм шегіну қажет.
 - 700 мм — жұмыс аймағының үстінде.




ЕСКЕРТУ

Барлық өлшемдер миллиметрмен көрсетілген.

КІРІСТІРУ

Шкаф ішіне орнатылатын қалқаны пісіру бетінің түбінен кем дегенде 30 мм қашықтықта орнату ұсынылады.





ЕСКЕРТУ

Пісіру беті астындағы қалқа техникалық қызмет көрсету кезінде еркін қол жеткізу үшін оңай алынатын болуы керек.


Пісіру беті сұйықтықтың құрылғы астына өтпеуін қамтамасыз ететін арнайы тығыздағышпен жабдықталған. Тығыздағышты дұрыс орнату үшін төмендегі нұсқауларды орындаңыз:

1. Ыдыс-аяққа арналған торларды, қақпақтарды және бөлуіштерді алыңыз, пісіру бетін оттықтарымен төмен қаратыңыз және оны жұмсақ матаға қойыңыз.
2. Пісіру бетінің периметрі бойынша төменгі жағына тығыздағыш таспаны («S» деп белгілеген) жабыстырыңыз. Таспалардың ұштары бір-біріне қабаттаспай тиіп тұруы керек.
3. Пісіру бетін дайындалған тесікке орнатып, тегістеңіз. Содан кейін үстел үстіне тығыз жабысуы үшін оны басыңыз.
4. Қапсырмаларды пісіру бетіне бұрамалармен еркін айнала алатындай бекітіңіз.
5. Қапсырмаларды жұмыс бетінің бір бөлігін жабатындай етіп ашыңыз және құрылғыны бекіту үшін бұрамаларды бұраңыз.



НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


Тығыздау үшін силиконды герметик қолданбаңыз. Бұл жөндеу жұмыстары қажет болған жағдайда құрылғыны ойықтан шығару кезінде қиындықтар тудырады.



ГАЗҒА ҚОСУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Газбен жабдықтау жүйесіне құрылғыны тек білікті маман қосуы керек.
- Мамандар қосу алдында реттегіштерді «●» күйіне қоюға міндетті.



1. Газ беруге арналған сомынымен штуцер.
2. Тығыздағыш төсем.
3. Сыртқы бұрандасы бар бұрыштық.

- Газ құбырына қосу қатты немесе жартылай қатты құбыр (болат немесе мыс құбыры) арқылы жүзеге асырылуға тиіс. Қосылыс RC 1/2 (1/2 BSP сыртқы бұранда) бұрандасына қосуға жарамды болуы керек.
- Газды қосқан кезде, тығыздауды қамтамасыз ету үшін бұрыштық (3) пен газ беру штуцері (1) арасына тығыздағыш төсемді (2) қою маңызды.
- Иілгіш құбыршекті пайдаланған кезде, оның жиһаздың қозғалмалы бөліктерімен (тартпалармен, есіктермен) жанаспайтынын және бүгілуі мүмкін тар саңылаулардан өтпейтінін тексеріңіз.

ОТТЫҚТАРДЫҢ СИПАТТАМАЛАРЫ

Газдың түрі және қысымы	Бүріккіштердің жылу бөлуі және өлшемі (мм)			
	Үлкен	Орташа	Орташа	Кіші
	2,7 кВт (196,1 г/сағ)	1,75 кВт (127,1 г/сағ)	1,75 кВт (127,1 г/сағ)	1,0 кВт (72,7 г/сағ)
I ₃ + 28–30/37 мбар	0,83	0,65	0,65	0,52
I ₂ H 20 мбар	1,13	0,94	0,94	0,72

ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІНЕ ҚОСУ

- Құрылғы жерге тұйықталуы тиіс.
- Құрылғы 220–240 В ~ 50–60 Гц қуат көзіне қосылуы керек.
- Қуат сымның температурасы 50 °С-тан асатын беттерге тимейтініне көз жеткізіңіз.

ГАЗ ТҮРІН ӨЗГЕРТУ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!


- Газ түрін ауыстыру кезінде барлық сақтық шараларын сақтаңыз.
- Барлық жұмыстарды тек білікті мамандар істеуі тиіс.
- Жұмысты бастамас бұрын құрылғыны электр және газ желілерінен ажыратыңыз.

1. Торды, жанарғының қақпағын және бөлуішті алыңыз.
2. 7 мм тұқыр кілтті пайдаланып, инжекторды бұрап шығарып, оны сәйкес инжектормен ауыстырыңыз (жинақталымға кірмейді).
3. Жанарғыны ұқыптап жинаңыз.
4. Инжекторларды ауыстырғаннан кейін оларды мұқият тартыңыз.

МИНИМАЛДЫ ОТТЫ БАПТАУ

1. Газ шүмегі соташығының ортасында орналасқан минималды отты реттейтін бұраманы шлицті бұрауыш арқылы толығымен бұрап кіргізіңіз.
2. Жұмыстар аяқталғаннан кейін, пісіру бетінің астыңғы жағына қолданылатын газдың параметрлері бар жаңа паспорттық тақтайшаны жабыстырыңыз.



- Газ берудің тоқтауы.
- ✱ Жанудың максималды қуаттылығы.
- ▲ Жанудың минималды қуаттылығы.



- Жанудың ең төменгі қуаты басқару тұтқасын сағат тіліне қарсы соңына дейін бұру арқылы орнатылады.
- Құрылғымен жұмыс істеген кезде қыздыру қуатын тұтқа арқылы (минималды және максималды мәндер арасында) өзгертіңіз.
- Жұмыс бетіндегі тұтқаның сол жағындағы таңба жұмыс барысындағы оттықты білдіреді.

ҚҰРЫЛҒЫМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

1. Оттықтың реттегішін дыбыс естілгенше «✱» күйіне бұрыңыз. Оттық жанады.
2. Жалын қуатын азайту үшін реттегішті ең төменгі күйге бұрыңыз. Отты үдету үшін реттегішті «▲» күйіне жақындатыңыз.
3. Егер оттық қосылмаса, реттегішті «●» күйіне аударып, содан кейін қайтадан қосуға тырысыңыз.
4. Егер бірнеше рет әрекеттенгеннен кейін де жалынды жаға алмасаңыз, қақпақ пен жалын бөлуіштің дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
5. Сұйықтық қайнай бастаған кезде, жай қайнау күйін ұстап тұру үшін отты азайтыңыз.







6. Жалынды және газ беруді өшіру үшін, оттықтың реттегішін «●» күйіне бұрыңыз.



Ескерту: тұтандыру электроды істен шыққан жағдайда сіріңке қолдана аласыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Электр қуаты өшкен жағдайда, тұтандыру үшін сіріңке қолдануға болады. Абай болыңыз!
- Егер оттық 15 секунд ішінде жанбаса, реттегішті дереу «●» күйіне аударыңыз. Бөлмені желдетіңіз және оттықты қайтадан жағуға тырыспас бұрын кем дегенде 1 минут күтіңіз.
- Жалын кездейсоқ сөніп қалса, жалын реттегішін өшіріп, оттықты қайта жағар алдында кем дегенде 1 минут күтіңіз.

ДҰРЫС ЫДЫС-АЯҚ ТАҢДАУ

	✗		✓
	Оттықтың шетіне ыдыс-аяқ қоймаңыз, олар аударылып қалуы мүмкін Басқару тұтқаларына жақын орналасқан оттыққа үлкен диаметрлі ыдыс қоймаңыз. Артық қызып кету тұтқаларға зиян келтіруі мүмкін	Әрқашан кәстрөлді ортасына қойыңыз	
	Ешқашан ыдысты оттықтың жанарғысына тікелей қоймаңыз	Ыдыстарды торларға орнатыңыз	
	Жанарғы мен ыдыс түбінің арасына ештеңе қоймаңыз		
	Үлкен оттықтарда кішкентай диаметрлі ыдыстарды қолданбаңыз. Жалын ыдыстың қабырғаларына тимеуі керек	Әр оттықтың өлшеміне сәйкес келетін ыдыс-аяқтарды пайдаланыңыз	
	Ыдысты қақпақсыз немесе жартылай жабық қақпақпен пайдаланбаңыз	Тамақ пісірген кезде ыдысты әрқашан қақпақпен жабыңыз	

✗		✓	
	Шығыңқы немесе иілген түбі бар, плитада тұрақсыз тұратын ыдыс-аяқтарды қолданбаңыз	Әрқашан қалың, тегіс түбі бар ыдыс-аяқтарды пайдаланыңыз	
	Құрылғының бетіне ауыр заттарды қоймаңыз және ештеңе құлатпаңыз	Ыдыспен жұмыс істегенде абай болыңыз	

- Бір ыдысты бірден бірнеше оттықта қыздыру ұсынылмайды, себебі бұл құрылғыға зақым келтіруі мүмкін.
- Пісіру кезінде немесе аяқталғаннан кейін жалын бөлуішті, торларды және басқа ыстық беттерді ұстамаңыз.

Оттық	Ыдыс түбінің диаметрі (мм)	
	Мин.	Макс.
Үлкен	240	260
Орташа	120	220
Кіші	80	160



Оттық ауқымынан шығып тұратын ыдыс-аяқты пайдаланбаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Кетпес бұрын немесе техникалық қызмет көрсету алдында құрылғыны міндетті түрде желіден ажыратыңыз.

- Әр қолданғаннан кейін құрылғының бетін сүртіңіз.
- Құрылғыдағы ластанулардан жеңілірек арылу үшін әлі жылы кезінде тазалаңыз.
- Жөндеу және қызмет көрсету тек білікті мамандармен ғана жүзеге асырылуы тиіс.
- Оттықтар мен тордың бөлшектерін әрқашан құрғатып сүртіңіз.
- Электрод пен жылу сезгіш элемент әрдайым таза болуын қадағалаңыз.

Пісіру беті

- Жылы суға сәл ғана ыдыс жуу сұйықтығын қосып, жұмсақ шүберекпен үнемі бетін сүртіп отырыңыз.
- Ешқашан қатаң немесе сілтілі тазалағыш заттарды қолданбаңыз.

Торлар

- Оттықтың торларын ыдыс жуғыш машинада жууға жарамды.
- Қажет болған жағдайда, қатты ластануды тазартқыш пастамен жойыңыз.

Оттықтар

- Ыстық сабынды сумен қақпақтар мен бөлуіштерді алып, жуып, қатты ластануды тазартқыш пастамен жойыңыз.
- Егер іздерді кетіру әлдеқайда қиын болса, сабынды суға жақсылап малынған болат жүннен жасалған тампонды сақтықпен қолдануға болады. Тазалағаннан кейін, оттықтарды міндетті түрде жұмсақ шүберекпен құрғатыңыз.

ЫҚТИМАЛ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШЕШІМІ

Мәселе	Ықтимал себеп	Ықтимал шешім
Электрмен жағу істемейді	Электр желісінде кернеу жоқ	Электр желісіндегі кернеуді тексеріңіз
	Пісіру беті қосылмаған	Пісіру бетін электр желісіне қосыңыз
	Қуат кәбілі істен шыққан	Авторизацияланған сервис орталығынан сымды ауыстырыңыз
	Оттық дымқыл	Қақпақты және электродты құрғатып сүртіңіз
	Электрод пен жанарғы арасында азық-түлік немесе жұғыш заттардың қалдықта-ры жиналып қалған	Ластануларды кетіріңіз
	Оттықтың қақпағы дұрыс орнатылмаған	Оттықтың қақпағын дұрыс орнатыңыз
Жалын біркелкі емес	Жанарғы тесігі ластанған	Жанарғының тесіктерін тазалаңыз
	Қақпақ пен жалын бөлуіш дұрыс орнатылмаған	Қақпақты және жалын бөлуішті дұрыс орнатыңыз
Үйде газ иісі шығып тұр	Оттықтың шүмегі ашық	Оттық шүмегін жабыңыз
	Газ баллоны дұрыс қосылмаған	Газ баллонының қосылыстарын тығыздығын тексеріңіз
	Газдың ағып кетуі	Бас газ шұрасын жабыңыз, бөлмені желдетіңіз және газбен жабдықтау жүйелерін тексеруге және сертификаттауға құқығы бар маманмен шұғыл хабарласыңыз. Жүйеде немесе құрылғының өзінде газдың шығуын тексермейінше тұрмыстық техниканы, электр қуатын пайдаланбаңыз және от жақпаңыз.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

- Үлгісі: GH-60SL01.
- Сауда белгісі: DEXP.
- Аспап санаты: II2H3+.
- Қуат параметрлері: 230 В ~ 50 Гц.
- Өлшемдері (Е × Т × Б): 51 × 10,5 × 60 см.
- Электр тогының соққысынан қорғау класы: I.
- Шаң мен ылғалдан қорғау дәрежесі: IPX0.
- Орнатылған газдың түрі: табиғи (метан).
- Газ түрлері: табиғи (метан); сұйытылған (пропан-бутан).
- Газ қысымы:
 - табиғи газ үшін: 2 кПа;
 - сұйытылған газ үшін 2,9 кПа.
- Сұйытылған газ шығыны:
 - кіші оттық: 72,6 г/сағ.
 - ортаңғы оттықтар: 127,1 г/сағ;
 - үлкен оттық: 195,6 г/сағ;
- Оттықтардың жалпы қуаты: 7,2 кВт.
- Әр оттықтың қуаты:
 - кіші оттық 1 кВт;
 - ортаңғы оттықтар: 1,75 кВт (артқы сол);
 - үлкен оттық: 2,7 кВт.
- Тұтыну қуаттылығы: 2 Вт.
- Сымды бекіту түрі: Y.
- Таза салмағы: 12,3 кг.
- Электрмен жағу жүйесі: бар.
- Қолданылу саласы: тұрмыстық.

ЖИНАҚТАЛЫМ

- Құрылғы.
- Қуат сымы.
- Бекіткіштер жинағы.
- Пайдалану бойынша нұсқаулық.

МОНТАЖДАУ, САҚТАУ, ТАСЫМАЛДАУ (ТАСУ), ӨТКІЗУ ЖӘНЕ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІ МЕН ШАРТТАРЫ

- Құрылғыны орнату ережелері мен шарттары осы нұсқаулықтың «Орнату» бөлімінде сипатталған.
- Құрылғыны сақтау дайындаушы мен тұтынушының жылытылатын үй-жайларында ауа температурасы 5 °C-тан 40 °C-қа дейін және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 80%-дан аспайтын орауышта жүргізілуі тиіс. Үй-жайларда жемірілуді тұдыратын жегі қоспалар (қышқылдар, сілтілер буы) болмауы тиіс.
- Құрылғыны дұрыс тасымалдауды қамтамасыз ету үшін келесі талаптарды орындау қажет:
 - егер бар болса, құрылғының ішіндегі барлық керек-жарақтарды шығарып, бөлек ораңыз;
 - құрылғының жұмыс қабілеттілігі мен сыртқы түрін сақтау үшін оны дұрыс орауды қамтамасыз етіңіз (ірі техниканы полиэтилен немесе көпіршікті үлдірмен орап, маңызды жерлеріне гофр картон төсемдерін қою қажет);
 - көлік құралында орын ауыстыру мүмкіндігін болдырмау үшін құрылғыны белдіктермен сенімді түрде бекітіңіз;
 - сыртқы ортаның әсерін болдырмау үшін тек жабық көлікті пайдаланыңыз;
 - жүк тиеу-түсіру жұмыстарын орындау кезінде қаптаманы өте мұқият ұстаңыз.
- Құрылғы мұқият өңдеуді қажет етеді, оны шаң, кір, соққы, ылғал, от және т. б. әсерінен қорғайды.
- Құрылғыны өткізу жергілікті заңнамаға сәйкес жүргізілуі тиіс.
- Өнімнің қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін оны қарапайым тұрмыстық қоқыспен бірге тастауға болмайды. Оның орнына, ол федералды немесе жергілікті заңдарға сәйкес кейіннен қайта өңдеу және жою үшін электр және электронды жабдықтарды тиісті қабылдау пунктіне кәдеге жаратуға тапсырылады. Осы өнімді дұрыс кәдеге жаратуды қамтамасыз ете отырып, сіз табиғи ресурстарды үнемдеуге көмектесесіз және дұрыс емделмеген жағдайда қоршаған ортаға және адамдардың денсаулығына зиян келтіруге көмектесесіз. Бұл өнімді қабылдау және кәдеге жарату орындары туралы толығырақ ақпаратты жергілікті муниципалды органдардан немесе тұрмыстық қоқыстарды шығаратын кәсіпорыннан алуға болады.
- Егер құрылғының ақаулығы анықталса, дереу уәкілетті сервистік орталыққа хабарласыңыз немесе құрылғыны тастаңыз.

ҚОСЫМША АҚПАРАТ

Өндіруші: Гуандун Хуацзинь Шунтай Технолоджи Ко., Лтд.
6-7-қабат, А ғим., Шунтай өнеркәсіптік паркі, Хуацзинь №2 к-сі, Нантоу,
Чжуншань қ., Гуандун пров., Қытай.

Қытайда жасалған.

Manufacturer: Guangdong Huajin Shuntai Technology Co., Ltd.
6th to 8th floors, Building A, Shuntai Industrial Park, No.2 Huajin Street, Nantou Town,
Zhongshan City, Guangdong Province, China.

Импорттаушы / Қазақстан Республикасында талаптар қабылдайтын заңды тұлға: «DNS QAZAQSTAN (ДНС КАЗАХСТАН)» ЖШС. Астана қ., Сарыарқа ауданы, Сарыарқа даңғ., 12 ғим., Қазақстан Республикасы.

Электрондық пошта мекен-жайы: info@dns-shop.kz

Тауар КО ТР (ЕАЭО) талаптарына сәйкес келеді.

Өнімнің техникалық сипаттамалары, ақпараты және сыртқы түрі өнімдеріміздің сапасын жақсарту мақсатында пайдаланушыға алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін.



Өндіріс күні пайдаланушы нұсқаулығының орыс тіліндегі нұсқасында көрсетілген.V.1

КЕПІЛДІК ТАЛОНЫ

SN/IMEI: _____

Кепілдікке қою күні: _____

Өндіруші бүкіл кепілдік мерзімі ішінде құрылғының үздіксіз жұмыс істейтініне, сондай-ақ материалдар мен құрастырымда ақаулар болмайтынына кепілдік береді. Кепілдік мерзімі бұйым сатып алынған сәттен бастап есептеледі және жаңа өнімдерге ғана қолданылады.

Кепілдік қызметіне кепілдік мерзімі ішінде пайдаланушы нұсқаулығына сәйкес бұйымды пайдалану шартымен, тұтынушының кінәсінен емес, істен шыққан элементтерді тегін жөндеу немесе ауыстыру кіреді. Элементтерді жөндеу немесе ауыстыру уәкілетті сервис орталықтарының аумағында жүргізіледі.

Кепілдік мерзімі: 24 ай.

Пайдалану мерзімі: 120 ай.

Сервистік орталықтардың өзекті тізімі келесі мекенжай бойынша:

<https://www.dns-shop.kz/service-center/>

Кепілдік міндеттемелер және тегін сервистік қызмет көрсету, егер оларды ауыстыру бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса, тауардың жиынтықтылығына кіретін, төменде аталған керек-жарақтарға қолданылмайды:

- ҚБП (қашықтықтан басқару пульті) үшін қуат элементтері (батареялары).
- Жалғағыш кәбілдер, антенналар және оларға арналған ауыстырғыштар, құлаққаптар, микрофондар, «HANDS-FREE» құрылғылары; жиынтықта жеткізілетін әртүрлі типтегі ақпарат тасығыштар, бағдарламалық жасақтама (БЖ) және драйверлер (бұйымның қатқыл магниттік дискілеріндегі жинақтағышқа алдын ала орнатылған БЖ қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей), сыртқы енгізу-шығару құрылғылары және манипуляторлар.
- Қаптамалар, сөмкелер, белдіктер, тасымалдауға арналған баулар, монтаждық құрылғылар, құралдар, бұйымға қоса берілетін құжаттама.
- Табиғи тозуға ұшырайтын шығын материалдары мен бөлшектер.



Өндіруші келесі жағдайларда кепілдік міндеттемелерге ие болмайды:

- Кепілдік мерзімі аяқталды.
- Егер жеке (тұрмыстық, отбасылық) қажеттіліктерге арналған бұйым кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ оның тікелей міндетіне сәйкес келмейтін басқа мақсаттарда пайдаланылған болса.
- Өндіруші бұйымды пайдалану кезінде пайдаланушы нұсқаулығының талаптарын бұзу, бұйымды орнату және оған қызмет көрсету жөніндегі ұсынымдарды, қосу ережелерін (бұйымның өзіне де, онымен байланысты бұйымдарға да сәйкес келмейтін желілік кернеудің әсері нәтижесінде туындаған қысқа тұйықталулар), бұйымды сақтау және тасымалдау кезінде өнім иесі және/немесе үшінші тұлғалар шеккен ықтимал материалдық, моральдық және өзге де зиян үшін жауапты болмайды.
- Механикалық зақымданудың барлық жағдайлары: өнімді пайдалану кезінде алынған сызаттар, жарықтар, деформациялар, соққы іздері, майысулар, кептелістер және т.б.
- Түрлендірулерді, рұқсат етілмеген жөндеулерді осындай жұмыстарды жүргізуге уәкілетті емес адамдар жүргізген жағдайлар. Егер ақаулық конструкцияны немесе бұйымның схемасын өзгерту, Өндіруші қарастырмаған сыртқы құрылғыларды қосу, Қазақстан Республикасының заңнамасына сай сәйкестік сертификаты жоқ құрылғыны пайдалану салдарынан туындаған болса.
- Егер бұйымның ақауы еңсерілмейтін күштің әсерінен (табиғи элементтер, өрт, су тасқыны, жер сілкінісі, тұрмыстық факторлар және Өндірушіге тәуелді емес басқа жағдайлар) немесе Өндіруші болжай алмаған үшінші тұлғалардың әрекеттерінен туындаса.
- Бұйымның толық немесе ішінара істен шығуына алып келген бұйымның ішіне бөгде заттардың, өзге денелердің, заттектердің, сұйықтықтардың, жәндіктердің немесе жануарлардың түсуінен, агрессивті ортаның әсерінен, жоғары ылғалдылықтан, жоғары температуралардан туындаған ақау.
- Бұйымды сәйкестендіру (сериялық нөмірі) жоқ немесе сәйкес келмейді. Егер зақымданулар (кемшіліктер) зиянды бағдарламалық қамтаманың; БЖ ұсынушысының осы қызметті ұсынбауына байланысты мүмкіндігінсіз бұйымның бағдарламалық ресурстарына қолжетімділіктің болмауына әкеп соққан құпиясөздерді (кодтарды) оларды жинау/қалпына келтіру мүмкіндігінсіз орнату, ауыстыру немесе жою әсерінен туындаса.
- Егер жұмыстың ақаулықтары қуат беруші, кәбілдік, телекоммуникациялық желілердің, радиосигнал қуатының стандарттарға немесе техникалық регламенттеріне сәйкес келмеуінен, оның ішінде бедер ерекшеліктерінен және басқа да осыған ұқсас сыртқы факторлардан, бұйымның желі әрекет ететін шекарада немесе аймақтан тыс жерде пайдаланылуынан туындаған болса.
- Егер зақымданулар стандартты емес (түпнұсқалық емес) және/немесе сапасыз (зақымданған) шығыс материалдарын, керек-жарақтарды, қосалқы бөлшектерді, қуат беру элементтерін, әртүрлі үлгідегі ақпарат тасымалдағыштарды (CD, DVD дискілерді, жад карталарын, SIM карталарын, картридждерді қоса алғанда) пайдаланудан туындаса.
- Егер кемшіліктер үйлесімсіз контентті (әуендерді, графиканы, бейне және басқа файлдарды, Java қосымшаларын және оларға ұқсас бағдарламаларды) алуға, орнатуға және пайдалануға байланысты туындаған болса.
- Осы бұйыммен жанасып жұмыс істейтін басқа жабдыққа келтірілген залалға.



ҚҰРЫЛҒЫ ПАСПОРТЫ

Құрылғы: Газ пісіру беті.
Сауда белгісі: DEXP.
Үлгісі: GH-60SL01.
Сатып алу күні: _____

SN/IMEI: _____

Өнімді алдым, сыртқы келбетіне ешқандай шағым жоқ.

(Тұтынушының Т.А.Ә., қолы)

Орнату және жөндеу туралы мәліметтер

Қосуды (орнатуды) немесе жөндеуді жүзеге асырған маман толтырады.

Орнату/ жөндеу күні	Орнату/жөндеу жұмыстарын жүргізген маманның Т.А.Ә	Орнату/жөндеу жұмыстарын жүргізген маманның қолы	Орнату/жөндеу жұмыстарын жүргізген ұйымның атауы	Орнату/жөндеу жұмыстарын растайтын құжаттың нөмірі

Осы Төлқұжаттың сақталғанына көз жеткізіңіз, себебі оны бұлдіру немесе жоғалту кепілдіктің күшін жоюы мүмкін.

Басқа белгілер

